



Сыр бойы

№127-128 (21003-21004) 23 тамыз, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

БАУЫРЛАСТЫҚ ҚАТЫНАС БЕКИ БЕРЕДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қырғыз Республикасына ресми сапары «Ата бейіт» ұлттық тарихи-мемориалдық кешеніне зиярат етуден басталды.

Мұнда Отанына әр кезеңде қалтқысыз қызмет еткен қырғыз халқының даңқты перзенттері, сталиндік репрессия құрбандары жерленген. Кешенге «Ата бейіт» атауын жазушы Шыңғыс Айтматов ұсынған.

Мемлекет басшысы мемориалдық кешен аумағындағы 1916 жылғы үркіншілік құрбандарына

арналған ескерткішке гүл шоғын қойды.

Бұдан кейін қырғыз халқының кеменгер жазушысы Шыңғыс Айтматовтың бейітіне зиярат етіп, қаламгердің рухына Құран бағыштады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғыз Республикасына ресми сапары аясында Президент Садыр Жапаровпен кездесті. Келіссөзге дейін

«Ынтымақ Ордо» резиденциясында салтанатты қарсы алу рәсімі өтті.

Қазақстан Президенті бауырлас Қырғыз Республикасына ресми сапармен келуге шақырғаны үшін Садыр Жапаровқа алғыс айтты.

— Бұл сапар екі ел арасындағы достық қатынастың дамуына тың серпін береді деп сенемін. Шын мәнінде, қазақ пен қырғыз — тілектес, бауырлас елдер. Біздің тарихымыз — тамырлас, салт-дәстүріміз бен таным-түсінігіміз, ұлттық болмысымыз ұқсас. Қос халықтың татулығы мен өзара құрметі ешқашан үзілген емес. Қазір де ықпалдастығымыз стратегиялық серіктестік рухында қарқынды дамуда. Біз барлық деңгейде өзара құрметке негізделген саяси диалог орнаттық. Мемлекетаралық, парламентаралық және үкіметаралық кеңестеріміз табысты жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ өңіраралық байланыстарды дамытып жатырмыз. Жалпы, екі елдің арасында жан-жақты әрі тығыз ынтымақтастық орнаған, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Садыр Жапаров шақыруын қабыл алып, Қырғызстанға ресми сапармен келгені үшін Қазақстан Президентіне ризашылығын жеткізді.

— Сізді Қырғызстанда көрнекті мемлекет қайраткері және халықаралық деңгейдегі тәжірибелі дипломат ретінде біледі. Соңғы жылдары Сіздің қолдауыңызбен екі елдің қарым-қатынасы жана деңгейге өтіп, достығымыз бен бауырластығымыздың бекемделе түсуі бізді қуантады. Қазақ елі — біз үшін ерекше ел. Біздің мәмілелеріміз Токтоғұл мен Абайдай, Шыңғыс пен Мұхтардай аталарымыз салған ізбенен жалғасқан. Тарихи мұрамызды ұмытпай, келешек буынға жеткізуді негізгі мақсатымыз деп есептеймін. Өз тарапымынан өзара қарым-қатынасымызды одан әрі ілгерілетуге дайынмын. Біздің негізгі күшіміз — екі елдің ынтымағымен бірігіп, — деді Қырғызстан Президенті.

Келіссөз барысында тараптар саяси, көлік-транзит, су, аграрлық және цифрландыру салаларындағы ықпалдастықты нығайту мәселелерін талқылады. Мәдени-гуманитарлық байланыстарды өрістетуге ерекше мән берілді. Сонымен қатар өңірлік және халықаралық күн тәртібі қарастырылды.

2-бет

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТЕТІН ЖИ-АГЕНТ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Елімізде қазақ тілін үйрететін ЖИ-агент әзірленіп жатыр. Бұл туралы «Jibek Joly» телеарнасындағы «Бүгін LIVE» бағдарламасында Ш.Шахметов атындағы «Тіл Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының бас директоры Мақпал Жұмабай айтты деп хабарлайды Kazinform.

— Алдағы уақытта біз жасап жатқан ЖИ-агент қазақ тілін үйрете бастайды. Сондай-ақ ол қолданушының қазақ тілін білу деңгейін анықтап, оған арналған жеке бағдарламаны әзірлеп береді. Оның алғашқы нұсқасы қараша айында іске қосылады. Кейін ол жыл сайын жетілдіріліп отыратын болады, — деді ол.

Спикердің айтуынша, жасанды интеллекттің ең басты қасиеті — оның бейімделгіштігі. Тіл үйренуші кәдімгі адаммен сөйлесіп отырғандай оған сауалын қояды, ол жауап береді. Қолдануы өте қарапайым. Сол 5-6 сұрақтың аясында ол қолданушының тілді меңгеру деңгейін анықтап алады.

БІРРЕТТІК КӨМЕК БЕРІЛЕДІ

Аталған қолдау шарасы Конституцияның 30 жылдығына орай Шымкент қалалық мәслихатының шешімімен «Шымкент қаласында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасына» сәйкес қабылданып отыр, деп хабарлайды Egemen.kz.

Сонымен мереке аясында мүгедектігі бар 8 323 балаға 5 АЕК (19660 теңге) мөлшерінде бірреттік әлеуметтік көмек төленеді. Ал анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға — 20 АЕК (78640 теңге) мөлшерінде бірреттік әлеуметтік көмек қарастырылады.

Төлемді алу үшін ешқандай өтініш берудің қажеті жоқ. Қаражат база арқылы мүгедектігі бар балалардың аналарының әлеуметтік есепшоттарына автоматты түрде аударылады. Ал ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған төлемдер оларды заңды қамқорлығына алған азаматтардың есепшоттарына түседі.

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛМЕК

Еліміздің Қорғаныс министрлігі елімізде әскери қызметке шақырудың жаңа қағидаларын бекітті. Өзгерістер туралы тиісті қаулы жобасы «Ашық НҚА» порталында жарияланды. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Құжатта Қазақстанда азаматтарды әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен өткізудің бірыңғай тәсілі көрсетілген. Енді әскерге шақырылушының нөміріне SMS-хабарлама жіберіледі. Бұл дәстүрлі әскери комиссариаттан жіберілген қағазбен теңестірілмек.

Сондай-ақ жобажәке сәйкес қазақстандықтар әскерге шақыруды eGov порталы арқылы кейінге қалдыра алады.

Жаңа ережелер әлі күшіне енген жоқ. Қаулы жобасын қазақстандықтар 2025 жылдың 9 қыркүйегіне дейін талқылай алады.

«СБ» ақпарат

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЖОЛ САПАСЫ ЖӘНЕ КӨРСЕТКІШ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтіп, күн тәртібінде автомобиль жолдарының сапасына қатысты мәселе қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Облыс аумағындағы автомобиль жолдарының ұзындығы 3545 шақырым, оның 1024,5 шақырымы республикалық, 555 шақырымы облыстық, 1965,5 шақырымы аудандық маңызға ие.

Өткен жылы 44 млрд 700 млн теңге қаржы бөлініп, өңіріміздегі 300 шақырымнан астам жол мен көпір өткелдері жөнделді. Нәтижесінде облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық индикаторлық көрсеткіші үлесі 92,5 пайызға жетті.

Биыл жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық, облыстық,

аудандық бюджеттен 42 млрд 142 млн теңге қаралып, 320 шақырым автомобиль жолы, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтуде. Бұл жұмыстардың қорытындысы индикаторлық көрсеткішті 95 пайызға жеткізбек.

«Жол активтері сапасы» ұлттық орталығының қызметіне биыл 123 млн теңге бағытталып, құрылыс сапасы 100 пайыз сараптамамен қамтылды. Аспаптық және зертханалық тексеру жүргізу барысында 1201 сынама алынып тексерілді.

«СБ» ақпарат

/// ТАМЫЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ОЗЫҚ БІЛІМДІ ИГЕРГЕН ЕЛДІҢ ҰПАЙЫ ТҮГЕЛ

Кеше «Өнер орталығында» «Білім келешегі: Адал азамат, кәсіби маман» атты ұстаздардың облыстық тамыз конференциясы өтті. Алқалы жиынға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Әбенов, Мұрат Ергешбаев, ҚР Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Майра Мелдебекова, құқық қорғау органдарының басшылары мен білім саласының қызметкерлері, еңбек ардагерлері қатысты.



Суреттерді түсірген: Бағдат ЕСКЖ-НОВ

Тамыз конференциясында аймағымыздың білім беру саласындағы өзекті мәселелер мен маңызды бастамалар жан-жақты талқыланды.

Облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы жас ұрпаққа сапалы білім берудегі, тәрбиелеудегі ұстаздардың ерен еңбегін атап өтіп, атқарылған жұмыстарды баяндады.

— Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбында өткен биылғы жиында Президентіміз:

«Қазір — білім мен ғылымның заманы. Жаһандану дәуірінде озық білімді игерген, жаңа технологияны меңгерген елдің ұпайы түгел болады. Бүгін саналы ұрпақ тәрбиелей алсақ, ертен заман көшінің басында жүреміз. Сондықтан осы саланы қолдау мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығы болып қала береді» деген болатын.

2-бет

/// ҚАБЫЛДАУ

ҚАЙРАТКЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбеновті 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтады. Мерекелік басқосуға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мұрат Ергешбаев, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.



Аймақ басшысы мерейтой иесінің еңбек жолына тоқталып, ізгі тілегін жеткізді.

— Еліне адал қызмет етіп, сый-құрметке бөленген Мұрат Абдуламұлының тұлғалық келбеті, адами болмысы ерекше. Еңбек жолын қарапайым мұғалімдіктен бастап, Мәжіліс депутатына дейін сан түрлі қызметтерді абыроймен атқарған азаматқа бүгін өздеріңізбен бірге арнайы құрмет көрсетуге жиналды.

Мемлекеттік қызметтің барлық сатысынан өткен білікті басшы, мықты ұйымдастырушы ретінде сізді Сыр жұртшылығы жақсы біледі.

2-бет

Валюта бағамы

\$ 537,75 kzt

€ 626,43 kzt

₸ 6,71 kzt

Ауа райы:

Сенбі



+31°



+18°

Жексенбі



+34°



+20°

1-бет


1-бет

1-6er

**Облыс әкімінің
баспасөз қызметі**

**Облыс әкімінің
баспасөз қызметі**

/// КЕҢЕСТЕН КЕЙІНГІ ОЙ



ЖАҢА ҚОҒАМНЫҢ СҰРАНЫСЫ ЖОҒАРЫ

Жаңа оқу жылы қарсаңындағы дәстүрлі тамыз конференциясы «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбында өтті. Конференцияға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты.

Осы алқалы жиында баяндама жасап, бүгінгі білім саласының, сонымен қатар, ұстаздар қауымының алдында тұрған жаңа міндеттер тұрғысында ой-пікірімді айтуға мүмкіндік туғаны – мен үшін зор мәртебе, үлкен жауапкершілік деп білемін.

Мен – Президент бастамасымен салынған «Келешек» мектебінің директорымын. Президенттік жастар кадрлық резервінің үлгісімен жасалған «Білім берудегі өзгерістердің 100 көшбасшысы» жобасының түлегімін.

«Келешек» мектептері – жаңа, қолайлы ғимарат қана емес. Бұл – баланың қабілетін ашуға, еркін ойлауға, қауіпсіз ортада тәрбиеленуіне жол ашатын толыққанды білім кеңістігі. Мұнда ұстаздардың кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдірудің барлық мүмкіндіктері ескерілген, қолдау тетіктері жүзеге асуда. Бүгінде оқушыларымыз нанотехнология, биотехнология салаларында зерттеулер жүргізуде. Бұл – олардың ерте кәсіби бағдар алуына және ғылымға ерте жастан қызығушылығын арттыруға жол ашады.

«Келешек» мектептерінің негізгі миссиясы еліміздің кез келген баласына бірдей дәрежеде заманауи білім беру, сол арқылы орта білім деңгейін күрт өсіру, яғни, PISA көрсеткіштерін барынша жақсарту деп ойлаймын. Сонымен қатар, білім беру ісінде тәрбие бағытын қатар алып отыруды басты ұстанымға айналдыруымыз қажет.

Қаламыздағы №290 «Келешек» мектебінде 1400 оқушы білім алуа. Мектептің инфрақұрылымы талапқа сай, инженерлік бағытта жұмыс жасайды. Оқушылар 8 зертхана мен шеберханада білім алады. Атап айтқанда, оқушылардың қатысуымен нанотехнология, биотехнологиялық зерттеулерге бағытталған сараптамалар жасалып, оған қоса, өндірістік дизайн және IT бағыттары оқытылып жатыр.

Біз жасанды интеллектіні оқыту құралы ретінде ұтымды пайдалана бастадық. Алғашқы жеңістеріміз де бар. Оқушыларымыз Қытайдың Макао қаласында өткен халықаралық робототехника чемпионатында жеті бірдей жүлдеге ие болды.

Өткен жылдан бастап еліміздің мектептерінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы қолданысқа енгізіле бастағаны белгілі. Оның мәні – адамгершілік, әділдік, жауапкершілік, еңбексүйіштік сияқты адами құндылықтарды бала бойына сіңіре отырып, қоғамға, қоршаған орта – табиғатқа деген көзқарасты қалыптастыруға бағыттайды.

Бүгінде елімізде 4 миллионнан астам бала білім алуа. Оларға күн сайын 400 мың ұстаз бар білімін беріп, жүрек жылуын арнайды. Әр партада – арман, әр дәптерде – үміт, әр сабақта болашақтың іргетасы қаланып жатыр.

Алдымызда атқаратын іс аз емес, бірақ біз осы сенімді ақтау үшін балалармен бірге дамуға және олардың болашағы үшін аянбай еңбек етуге дайынбыз.

Мемлекет басшысы конференцияда сөйлеген сөзінде «Ұстаздық – жай мамандық емес, ұлы миссия» деп баға берді.

– Әлем тарихында білім-ғылымды басты орынға қойып, дамудың данғыл жолына түскен, орасан зор табысқа жеткен елдер аз емес. Білім мен ғылым Қазақстан дамуының қозғаушы күші болуға тиіс. Алдағы жылдары осы міндетті орындауға бар күш-жігерімізді салып жұмыс істеуіміз керек. Бұл – Мемлекет басшысы ретінде мен үшін мызғымас басымдық, – деді Президент.

Біз, Президент сөзінен ұстаздар қауымына берілген ерекше бағаны қабыл алумен қатар, терең жауапкершілікті сезіндік.

Мәлімді СМАХАН,
№290 «Келешек» мектебінің директоры



АУЫЛ СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕСІ

Ел Конституциясының 30 жылдығына орай Қызылорда қаласында 38-ші жыл қатарынан ауыл спортшыларының басын қосқан «Алтын күз» облыстық спартакиадасы өтті. Дүбірлі додада жеті ауданнан келген 1000-ға жуық спортшы 18 спорт түрінен бақ сынады. Бұл туралы облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының баспасөз қызметі хабарлады.

Спартакиада жалауы 18 тамыз күні жел-біреді. Ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бақтияр Артаев, еңбек ардагері, ауыл шаруашылығы ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрлыбай Ұлықпанұлы қатысты.

– Бұл жарыс ауылдық жердегі талай талантты спортшының шыңдалып, үлкен жетістіктерге жетуіне жол ашты. Алғаш рет Сырдария ауданының Тереңөзек кентінде өткен бұл дода қазір облыс көлемінде дәстүрге айналып, ауыл-аймақта бұқаралық спорттың дамуына ерекше серпін берді. Ең бастысы, жастардың спортқа қызығушылығын арттырып, жігерін шындауға ықпал етіп келеді. Баршаныңды берекелі «Алтын күз» мерекесімен құттықтаймын! – деді облыс әкімінің орынбасары.

Өз кезегінде еңбек ардагері Нұрлыбай



Ұлықпанұлы спортшыларға ақ батасын беріп, ізгі тілегін жеткізді.

Спорттық шара жас спортшылардың таэквондо және көркем гимнастикадан әзірлеген арнайы қойылымы мен талантты өнерпаздардың тала-концертіне жалғасты.

Денешынықтыру және спорт арқылы салауатты өмір салтын қалыптастыру, ауыл

жастарын достыққа, патриоттық сезімге, ұлттық мәдениетке тәрбиелеуді, ұлттық спорт түрлерін қайта жаңғырту және тұрғындар арасында кеңінен насихаттау мақсатында өткізілген жарыс осылайша өз мәресіне жетті.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы «Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізу туралы» №1248 қаулысы негізінде аймақта Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы 2025 жылдың 1 тамызы мен 20 қазаны аралығында өтеді.

Осы жылдың 1 тамызынан бастап облыс бойынша ұлттық ауыл шаруашылығы санағының онлайн кезеңі басталған болатын. Қазіргі таңда sanaq.gov.kz сайтынан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мен шаруа-фермерлік қожалықтар, үй шаруашылықтары порталдағы санақтың сауалнама парақтарын қашықтан өз бетінше толтырып өтуде.

Бүгінгі күнге облыс бойынша жоспарланған 11 мыңға жуық респонденттердің 70 пайызға жуығы санақтан онлайн өтті. Санақтан өту үшін барлық кент және ауылдық округ әкімі аппараттары мен Арал және Қазалы қаласы әкімі аппаратында «Өзіне-өзі қызмет көрсету» орындарында, сонымен бірге, аудандық статистика бөлімдерінің ғимараттарында интернет байланысымен қамтамасыз етілген орындарда ұйымдастырылуда.

Занды тұлғалар, дара кәсіпкерлермен шаруа-фермер қожа-

ОНЛАЙН КЕЗЕҢНІҢ АЯҚТАЛУЫНА САНАУЛЫ КҮН ҚАЛДЫ



лықтары сияқты шаруашылықтың барлық ұйымдастырылған нысандары онлайн сауалнамадан sanaq.gov.kz сайтынан өз бетінше өтуі тиіс. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуші

(ОКЭД) қызметі бойынша мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы немесе балық шаруашылығымен айналысатындардың барлығы санаққа қатысуға міндетті.

Егер респонденттің сауалнама парағын толтыру кезінде қандай да сұрақтары туындаса, арнайы дайындалған жасанды интеллект арқылы жауап беретін sanaq-muzga виртуалды көмекшісіне жүгіне алады.

Сондай-ақ 1446 нөмірі бойынша бюронның байланыс орталығына хабарласуға болады. Қоңыраулар сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін, ал онлайн-сауалнама басталған кезеңде тәулік бойы, аптасына жеті күн қабылданады.

Екінші кезең – интервьюерлердің үй шаруашылықтарын жеке-жеке аралауы, ол 2025 жылдың 20 қыркүйегі мен 20 қазаны аралығында өтеді.

Санақ барысында облысымызда барлығы 89 мыңнан аса үй шаруашылығын және 11 мыңға жуық ауыл шаруашылығы өндірушілерін қамту жоспарланған.

Біз азаматтарды санаққа саналы түрде қатысуға шақырамыз, өйткені ұлттық ауыл шаруашылығы санағы – Қазақстанның аграрлық секторын және азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты дамытуға арналған стратегиялық маңызы бар іс-шара. Алынған деректер тиімді мемлекеттік саясат пен барлық деңгейдегі ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдауға негіз болады. Барлық қатысушы тарапты өздерінің азаматтық ұстанымын танытып, санаққа белсенді түрде қатысуға шақырамыз.

АУЫЛ ШАРУАШЫҒЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ! САНАҚҚА ҚАТЫС, ҮЛЕС ҚОС!

/// БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ҚЫСҚЫ МАУСЫМҒА ӘЗІРЛІК ЖАҚСЫ

Қыс мезгілі таяған сайын тұрғындар үшін ең бастысы – үйлерінде жылу мен жайлылықтың болуы. Сондықтан өңірде газбен үздіксіз әрі қауіпсіз қамтамасыз ету мәселесі әрдайым бірінші орында тұрады.

Осыған орай облыстық коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен өткен пресс-тур барысында бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері «Qazaq-Gaz Aimaq» АҚ Қызылорда филиалына қарасты бірнеше ғиз тарату пункттерін аралап, олардың жұмысымен танысты. Журналистер нысандарда болып, мамандардың атқарып жатқан қызметін көрді және көкейіндегі сұрақтарға жауап алды.

Филиал өкілдері газ құбырларының техникалық жағдайы, атқарылып жатқан жөндеу шаралары мен қауіпсіздік талаптары жайлы баяндап берді. Мамандардың айтуынша, облыста бүгінде шамамен 148 мың абонент табиғи газға қосылған. Бұл көрсеткіш жыл сайын артып келеді. Газдандыру халықтың тұрмыс деңгейін жақсартып қана қоймай, өңір экономикасының дамуына да ықпал етуде. Қызылорда филиалының теңгерімінде төрт жарым мың шақырымға жуық газ құбырлары бар.

Филиал директорының міндетін атқарушы Бауыржан Әбдіғапарұлының айтуы бойынша, қысқы маусымға дайындық биыл көктемде, сәуірдің ортасында

басталған. Қажетті жұмыстардың барлығы тамыз айының соңына дейін аяқталады. Құбырлар мен газ реттеу пункттері тексеріліп, ақаулар түзетілді. Мамандар арнайы оқу-жаттығулардан өтіп, кез келген жағдайға дайын.

Қысқа толық дайындықты қамтамасыз ету мақсатында арнайы дайындық паспорты жасалып, ол облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасымен келісілген. Шара аясында оқу-жаттығулар ұйымдастырылып, шкафтық және газ реттеу пункттері жөнделді, жабдықтарға техникалық қызмет көрсетілді, катодтық қорғаныс жүйелері тексерілді.

– Алайда бір мәселе жұмыс барысына кедергі келтіруде. Ол – халықтың қарызы. Облыс бойынша тұрғындардың газ үшін берешегі 1 миллиард теңгеден асады, – дейді Б. Әбдіғапарұлы. – Оның ішінде 700 миллионнан астамы жеке үйлердің үлесінде. Заңға сәйкес қыс мезгілінде газды өшіруге тыйым салынғандықтан, борышкерлерге қатысты шаралар жаз-күз айларында жүргізіледі. Осы кезеңде қарызы бар



абоненттердің үйлеріне газ беру уақытша тоқтатылады. Тек берешегін толық өтегеннен кейін ғана оларға «көгілдір отын» қайта қосылады.

«QazaqGaz Aimaq» АҚ филиалы мамандары бүгінде алдағы жылы маусымына толық дайын екенін айтып отыр. Баспасөз турға қатысқан журналистер де жүргізілген жұмыстардың ауқымына көз жеткізіп, тұрғындардың үйінде жылу мен жарықтың үздіксіз болуы үшін күнделікті еңбек етіп жүрген сала қызметкерлерінің еңбегін жоғары бағалады.

БАЙҒАЛИНҰЛЫ



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ МЕН ЖЫЛУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНБЫЗ БА?

«Amanat» партиясының облыстық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясы мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі аймақтық кеңестің бірлескен отырысы өтті. Бұл туралы филиалдың баспасөз қызметі хабарлады.

Жиында жаңа оқу жылы мен жылу маусымына дайындық жайы қозғалды. Облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Ернат Алпысбаевтың айтуынша, биыл 17423 бала мектеп табалдырығын аттайды. Құжат қабылдау жұмысы 31 тамызға дейін жалғасады. Өңірде мектепке дейінгі 676 ұйым, 339 мектеп жұмыс істеп тұр.

– Қыркүйекке дейін Арал ауданының Сексеуіл кентінде, Қызылорда қаласының Арай шағын ауданында, Қызылжарма ауылдық округінде және қазан айында СПМК-70 шағын ауданында мектептер пайдалануға беріледі. Жаңа оқу жылында мектептерде 189 288 бала білім алады. Бұл өткен оқу жылымен салыстырғанда 4364 балаға көп. Қазіргі күні қалалық, аудандық білім бөлімдері оқушылар тізімін жасап, оқу-тәрбие процесін бастау үшін ұйымдастыру шараларын жүзеге асырып жатыр, – дейді ол.

Биыл 56 мектепті жөндеуге 1,6 млрд теңге бөлінді. Соның 53-де жоспарланған жұмыс аяқталды. Қалған 3 мектепті мердігерлер 25 тамызға дейін бітірмек.

Басқарма басшысының орынбасары оқушылардың қауіпсіздігі бағытында жасалып жатқан жұмыстарды да тілге тиек етті. Оның айтуынша, білім беру ұйымдары түгел қауіпсіздік жүйесімен қамтылған. Қала, аудан орталықтарындағы білім беру ұйымдары жедел бас-



қару орталығына қосылған. Биыл жергілікті бюджеттен мектеп, балабақша, қосымша білім беру ұйымдарына қосымша 1 млрд 385 млн теңге қаржы бөлінді. 1 қыркүйекке дейін ондағы бейнебақылау жүйесі жанартылады.

Облыстық энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы мәлімдегендей, алдағы жылу маусымына дайындық тұрақты бақылауда.

– Биыл жылумен қамту нысандарын жаңғыртуға 13,5 млрд теңге бағытталды. Қызылорда жылу-электр орталығының 3 бу қазандығын жаңғырту жұмысын аяқтауға Үкімет резервінен 2,5 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 1,3 млрд теңге бөлінді. Өткен жылы химиялық су тазарту цехы мен насос қондырғылары ауыстырылды. Биыл 1 қазандық

жеткізіліп, ол монтаждалып жатыр. Тамыз айының соңына дейін 2 қазандық жеткізілмек. Жұмыс жылу беру маусымына дейін аяқталады, – дейді аталған басқарманың бөлім басшысы Нұржан Мамбетияров.

Қызылорда жылу-электр орталығында жергілікті бюджет пен кәсіпорын қаржысы есебінен 1 генератор, 4 күштік трансформаторды жаңғырту, 10 бу қазандығы мен 21 автономды қазандықты жөндеу жоспарланған. Негізгі жылу орталығындағы №6 бу қазандығы, оңтүстік қазандықтағы №2 КЕ қазандығы және №2, 17, 18 автономды қазандықтарда, №3, 4 күштік трансформаторда, 35 кВ ашық тарату қондырғысына жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда жөндеу жұмыстары 77 пайызға орындалған.

– Жылу желілерін жаңғырту ба-

ғытында бюджеттен 6 жобаны іске асыруға қаржы қаралған. Өзірге 4 жобаның 50 пайызы орындалды. Қазантаев, Желтоқсан көшелеріндегі жобалар бойынша материалдар толық жеткізіліп, құбырларды монтаждау жұмыстары басталды. Бұл нысандар жылу беру маусымына дейін аяқталады, – дейді басқарма өкілі.

Облыс орталығында салынып жатқан жаңа жылу-электр орталығының құрылысы бойынша өзекті мәселе жоқ. Айта кетейік, Қызылорда қаласында қуаттылығы 240 мегаватт электрэнергиясын құрайтын жаңа жылу-электр орталығының құрылысы жақын күндері аяқталып, қолданысқа беріледі.

Жиын соңында партия филиалының атқарушы хатшысы Ләйла Төрешова әлеуметтік осал топтағы балаларды мектепке қажетті құрал-жабдықтармен, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жаяу жүргіншілерге арналған жол жолақтарын дұрыстау, мектеп оқушылары мен мұғалімдер арасында құқықтық сауаттылық пен құқықтық тәртіпті күшейтуге бағытталған жұмыстарды қолға алу, сонымен қатар жылу желілері бойынша облыста жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстары, соның ішінде Қызылорда қаласындағы жылу желілерінің тозу көрсеткішін азайту мақсатында атқарылып жатқан 6 жобаның уақытылы және сапалы аяқталуын қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстарын ортаға салды.

Күн тәртібінде көтерілген мәселелер жан-жақты талқыланып, жауапты басқармаларға ұсыныстар берілді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



ӨНЕГЕЛІ ӨМІР ІЗІ

Ойланyp қарасак, уақытқа бағынбай, адамның есінде мәңгі сақталатын бір дүние бар. Ол – саған білім нәрін берген ұстазың, сені өмірге тәрбиелеген мектебің, өзіңнің асыр салып өскен ауылың мен балалық шағың. Ұстаздық – адам бойындағы ізгі де ұлы қасиет. Шәкіртін адалдыққа, парасаттылыққа баулып, білім нәрімен сусындатытын ұстаздардың еңбегі қашан да қымбат. Осындай абзал жандардың бірі, Қазалы өңірінің тумасы, ардақты ұстаз, білікті басшы – Сейілхан Бердібекұлы.

Сейілхан Бердібекұлы 1963 жылдың 16 сәуірінде Қазалы ауданының Ғани Мұратбаев атындағы колхозда дүниеге келген. Жас күнінен еңбекке араласып, адалдық пен жауапкершілікті бойына сіңіріп өсті. Еңбек жолын 1980 жылы «Қазалы» станциясының локомотив депосында тепловоз жүргізушісінің көмекшісі ретінде бастап, кейін өмірлік жолы білім саласымен байланысып, ұстаздықты таңдады.

1986 жылы Алматыдағы шетел тілдері педагогикалық институтының француз-неміс тілдері факультетін тәмамдап, мамандығы бойынша ұстаздық қызметке кірісті. Өйтпекте би кентіндегі Жамбыл Жабаев атындағы №234 мектептен бастап, түрлі білім ордаларында ұстаздық етіп, кейін басшылық қызметтер атқарды.

Өмір жолында Сейілхан ағамыз мектеп директоры, аудандық білім бөлімінің әдіскері, меңгерушісі, ауылдық округ әкімі, ішкі саясат бөлімінің басшысы қызметтерін атқарды. Қай салада жүрсе де елдің сенімін ақтап, іскерлігімен, парасатымен, адами қасиетімен құрметке бөленді. Әсіресе, мектеп басшысы болған жылдары оның еңбегі ерекше аталды. Ол көптеген ұстаздың шығармашылығына жол ашып, мыңдаған шәкірттің сапалы білім алуына атсалысты. Білім беру ісіндегі жаңашылдығы, талапшылығы, жас мамандарға қамқорлығы талай буын ұстаздардың жүрегінде қалды.

2018-2023 жылдары №266 мектеп-лицейді басқарды. Кейін аудандық оқушылар үйін басқарып, жас буынның жан-жақты дамуына үлес қосты. Бұл жылдары да ұрпақ тәрбиесі үшін тер төгіп, балалардың таланттын ашуға, тәрбиесіне баса мән берді.

Сейілхан Бердібекұлы тек білікті басшы ғана емес, сонымен қатар парасатты азамат, мейірімді әке, қамқор ата ретінде ел есінде қалды. 5 бала тәрбиелеп, 15 немеренің қызығына бөленді. Шәкірттеріне ұстаз, әріптестеріне ақылшы, айналасына тірек бола білді.

Оның өмірден алған ұстанымы – адал еңбек, адамгершілік пен парасаттылық еді. Әр істі асқан жауапкершілікпен атқарып, әрқашан ел мүддесін жоғары қоятын. Сол үшін де ол халық жүрегінде қадірлі орынға ие болды.

Ардақты ұстаздың ғұмыры – кейінгі ұрпаққа өнеге.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

/// ДЕНСАУЛЫҚ: ӘРІПТЕСТІК ӘЛЕУЕТІ

НАУҚАСҚА КҮТІМ ЖАСАУДЫ ҮЙРЕТЕТІН МЕКТЕП

Бүгінде Қызылорда медициналық жоғары колледжінде «Пациенттер мен олардың туыстарына күтім жасау тәсілдерін оқыту» арнайы мектебі ашылып, жұмыс істеуде. Мұндағы мақсат – емделушілер мен олардың жақын туыстарына ауру кезінде немесе одан кейінгі күтімді тиімді әрі дұрыс ұйымдастыру жолдарын үйрету. Бұл бастама халықтың медициналық сауаттылығын арттырып ғана қоймай, науқастардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған.

Мұндай мүмкіндік колледж басшылығы мен Латвияның Рига медициналық колледжі арасындағы Еуроодақ деңгейіндегі меморандум аясында осы оқу орнының озық тәжірибесі негізінде пайда болды. Екіжақты келісімге сәйкес былтыр жыл соңында облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқаков бастаған делегация Латвияда өткен халықаралық конференцияға қатысты. Иссапар барысында қызылордалық делегация білім алу, тәжірибе алмасу мақсатында сол елдің емдеу мекемелеріне барып, пациенттер мен олардың туыстарына күтім жасау әдістерін оқыту жүйесімен танысты.

– Бұл мектеп – халықаралық тәжірибе мен отандық медициналық білім беру жүйесінің ұтымды үйлесімі. Латвиялық әріптестеріміздің қатысуымен жүзеге асқан жоба кәсіби күтім мәдениетін дамытып, қоғамдағы медициналық жауапкершілікті арттырды. Биыл сәуір айында Рига-1 медициналық колледжінің лекторлары, Ригадағы

№2 аурухананың мейіргерлік күтім бөлімшесінің аға мейіргерлері Инга Приеде, Сэнди Шпацс-Дагмен, көпбейінді даму жөніндегі маман Илзе Вацiete бізге келіп, мейіргер ісі пәнінің оқытушыларына, емхана мейіргерлеріне дәріс өтіп, сертификат табысталады. Тренерлер аймақтағы барлық емхананың мейіргерлерін, науқастар мен оларға күтім жасайтын жақындарын оқытуды бастады. Өзірге 15 пациент пен туысы білімін толықтырды, – дейді Қызылорда медициналық жоғары колледжінің практика жөніндегі орынбасары Айгүл Сеитова.

Қала тұрғыны Гүлнар Серікбекқызы жолдасы 8 ай бұрын инсульт алып, төсекке танылғалы оның күтімімен өзі айналысып жүр. Сондықтан бұл курстың маңызы зор деп есептейді.

– Бірінші рет басымызға осындай жағдай түсті. Мұндайда науқастың өзіне де, күтушісіне салмақ артылады. Көп нәрсені білмегендіктен қатты қиналдым. Өзіміз тіркелген емхана мамандары осындай



мектептің барын айтып, жіберді. Мектепте оқу барысында біраз пайдалы мәлімет алып, тәжірибеге қанықтым, – дейді ол.

Тәжірибелі тренерлер пациенттер мен олардың туысқандарына төсектегі науқасқа қалай күтім жасау, жамбасы ойылып қалмас үшін не істеу керектігін, эргономика, инсульт,

деменция, тағы басқа диагнозы бар науқастарды оңалту тәсілдерін үйретіп жүр. Сабақ барысында жасанды интеллект әзірлеген платформалар да пайдаланылады.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

ҚР Президентінің 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы «Азаматтардың барлық сындарлы сауалдарына жедел әрі тиімді жауап беретін «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру» міндетін қойды. Содан бері билік пен қоғам арасындағы байланыс механизмдері жетілдіріліп, азаматтардың сұраныстарына ден қойып нұсқанына көшу мемлекеттік органдар үшін негізгі мақсатқа айналды.

Мемлекет тарапынан азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуы мен сеніміне ерекше басымдық беріледі.

Осы ретте, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаменті қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша тиісті жұмыстарды жүйелі түрде жүргізіп келеді.

Департаментке мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына қатысты қызмет алушылардан келіп түскен шағымдар заң шеңберінде қаралып, тиісті шаралар қолданылуда. Ағымдағы жылдың I жартыжылдығының қорытындысымен департаментке қызмет алушылардың тарапынан мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мәселесіне қатысты 80-ге жуық өтініш келіп түскен.

Оның ішінде жеке және заңды тұлғалардың

жолданымдары бойынша 26 жоспардан тыс тексеру жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде 6 қызмет алушының, қашықтықтан мониторинг нәтижесінде 8 қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Мәселен, осы III тоқсанның өзінде департаментке келген алушылардан мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына қатысты 20-ға жуық өтініш түсті. Оның ішінде, қала тұрғыны, жеке кәсіпкер С.К.-ден «Әскізді (әскіздік жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін өтінішіне Қызылорда қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімімен берілген бас тартуға келіспейтінін мәлімдеген. Осыған орай, қызмет алушы С.К.-нің шағымын жан-жақты, объективті және толық қарау мақсатында бөлімге жоспардан тыс тексеру жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде қызмет алушы С.К.-нің өтінішіне бөлім тарапынан негізсіз бас тартылғандығы анықталды.

Жүргізілген тексеру нәтижелерінің қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы бөлімге берілген ұсыныс нәтижесінде, қызмет алушы С.К.-ге «Әскізді

(әскіздік жобаны) келісуден өткізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша оң қорытынды беріліп, бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, департамент қызметкері тарапынан бөлімнің мемлекеттік қызметтер көрсететін мамандарына тиісті түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, семинар өткізілді.

Қазіргі уақытта бөлім тарапынан бұзушылықтарға жол берген маманды тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселесі қарастырылуда.

Бұдан бөлек, департамент азаматтардың тек өтініштерінің негізінде ғана бұзылған құқықтарын қалпына келтіру бойынша жұмыстарды жүргізумен шектелмей, департаментке қолжетімділік берілген ақпараттық жүйелер арқылы жүргізілген қашықтықтан мониторинг жұмыстарының нәтижесінде де азаматтардың құқықтарын қорғап келеді.

Мәселен, биылғы жылдың наурыз айында Арал ауданының тұрғыны Р.Т. «Сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу (1-кезең)» мемлекеттік қызметін алу үшін Арал ауданы Бекбауыл ауылдық округінің әкімдігіне өтініш білдірген. Тұрғынның өтініші бойынша мемлекеттік қызмет нәтижесі заңнамада белгіленген мерзімдерде ұсынылмағаны қашықтықтан жүргізілген бақылау жұмыстарының нәти-

жесінде анықталды.

Осы орайда департамент тарапынан шұғыл ден қою шаралары қабылданды. Нәтижесінде биылғы жылдың 17 наурызында Бекбауыл ауылдық округі әкімдігімен мемлекеттік қызметтің оң нәтижесі ұсынылып, қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Бұзушылықтарға жол бергені үшін лауазымды тұлғаға Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген әкімшілік айыппұл салынып, Әкімдік қызметкеріне тиісті тәртіптік шара қолданылды.

Сондықтан, егер мемлекеттік қызмет көрсету кезінде Заннама талаптарының сақталмағанына куә болсаңыз, яғни мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі бұзылса, мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тартылса, артық құжаттар талап ету дерегі орын алса немесе мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі бұзылса, Сіз құқығыңызды департаментке шағымданып арқылы қорғай аласыз.

Біздің мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, 1. Байланыс нөмірлері: 8 (7242) 70 56 36, 8 (7242) 70-00-40.

З.АРЫНОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы

/// ЖАҚСЫЛЫҚ РАХМАТУЛЛА – 80

Менің ҚазГУ-дің журналистика факультетіне сырттай оқу бөліміне түсіп, Қазалы аудандық «Ленин туы» газетінде алғашқы еңбек жолымды бастап жүрген кезім. Редакторымыз белгілі акын Сейіл Боранбаев, орынбасары Әлмембет Әлішов, жауапты хатшы Киікбай Ізетов, бөлімдерде басқа да жігіттер бар. Оңаша сәтте бас қосып журналистердің жұмысы, мақаласы жайлы айтқанымызда алдымен ауызға түсетіні облыстық «Ленин жолы» газетінің меншікті тілшісі Шәкірат Дәрмағанбетов. Шәкеңнің мақаласы, оның жазу тәсілі. «Шәкең мәлімет алғанда ешкімге білдірмей шырпының қорабына да жазып отырады» деген аңыз әңгімелей айтылатын. Редакцияның газет тігінділері жинақталған ауызғы бөлмеге жалғас тағы бір бөлме бар. Ол облыстық газеттің Арал-Қазалы аудандары бойынша меншікті тілшісі Шәкірат Дәрмағанбетовтің жұмыс орны екен. Бір күні редакцияға Шәкеннің өзі келді. Гитлердің мұртындай бір елі мұрты бар, атжақты, алып денелі адам екен. Қолында былғары папкісі бар. Іштегі жігіттермен ақжарқын амандасып, бір бет қағазды екіге ме, әлде үшке бөлген алақандай қағазға жазылған мақаласын хатшы қызға ұсынып жатты. Облыстық газеттің тігіндісін қараймын. Нөмір сайын десем артық болар, аптасына екі-үштен «Ленин жолының» бетінде Ш.Дәрмағанбетов немесе Ш.Тенізұлы тұрады.

Шәкірат Дәрмағанбетов екі ауданның меншікті тілшісі, мақаласы мірдің оғындай, сын жазса, кімді де болса сындырып түсіреді, атынан адам қорқады, ал мақтаса алдына мақпал төсеп жер бастырмайды. «Мен де Аралдың перзентімін, мен де Қазалыны жақсы білемін, келешек неге мен Шәкеңдей меншікті тілші болып облыстық газетте жұмыс істемеймін» деген ой санама осы бастан қалыптаса бастады.

1980 жылдардың басы. Облыстық телерадио комитетінде жерлес досым Ыбырай Әлжанов редактор болып жұмыс істейтін. Бір келген сапарында «Мен қалай облыстық газетке «Ленин жолына» бара аламын?» деп өз сырымды ақтардым. Ол ойланбастан «Шын барғын келсе, алдымен қаланың түбіндегі аудандық «Сырдария» газетіне кел, сосын «Ленин жолы» кол созым жерде ғой» деді. Мен «қалай барамын?» десем, «Сардария» газетінің редакторы Жақсылық Рахматулла менің жақсы жақын досым. Айтып көрейін» деді.

Сонымен күндер өтіп жатты. Бір күні Ыбырай: «Жұмабай келемін десең тез жет, бір орын босап тұр, айтып қойдым» деді. Содан күстай ұшып Тасбөгетке жетіп, «Сырдария» газетінің редакциясына келдім. Газет редакторы Жақсылық Рахматулланың алдындамын. Бұрыннан таныс адамдай жылы қабылдады. Шаруамды айтып, танысып-білістік. 1945 жылы туылған, екеуіміз құрдас болып шықтық. Менің Қазалыдағы журналист жан досым Молдабай Қаржаубаевпен паршколада бірге оқыпты. Осылай таныстық-білістігіміздің соңында:

– Бізде радио хабарын ұйымдастырушы қызметкерінің орны бос тұр. Ыбырай айтқан, қаласаң соған барасың, арғы жағын көрерміз, – деді.

Мен бірден келістім.

– Олай болса аудандық партия комитетінің үгіт-насихат жөніндегі хатшысы бар, соның алдынан өтіп келісімін алуымыз керек, – деп мені нартайлақтай жетелеп хатшы Адыранова ханымның алдына әкеліп таныстырды. Хатшы ханым қатқылдау екен.

– Бұл қызметке сонау Аралдан әкелмей-ақ осыннан, мына қаладан да табылмады ма? Бұлар келеді де үй сұрайды. Тағы-тағыларды айтып, міндет қылады ғой, – деді қатқылдау үнмен.

– Бұл орынның босағанына біраз уақыт болды, адам табылмады. Бұл жігіт тәжірибелі журналист. Сіздерден ешқандай үй де, басқа да сұрамайды. Тек келіссеңіз болды, – деп редактор Жақсылық Рахматулла әңгіменің жігін жатқызып, тегістеп тастады.

Сонымен хатшы ханымның әрең дегенде келісімін алып, редакцияға келдік. Жақсылық іштегі қызметкерлерін кабинетіне шақырып, мені таныстырды. Мұнан соң тиесілі орныма отырып, жұмысымды бастап кеттім. Радио хабарын редакцияда дайындап, орталық алаңдағы аудандық байланыс торабындағы арнайы жабдықталған студияда эфирге шығарамыз. Жұмыс пәлендей ауыр емес. Бірақ редакцияда қанша жүрсем де, осы бөлімде болмаған едім. Кейін мұның да маған пайдасы тиді. Келе-келе редакциядағы жігіттермен де танысып-білісіп, бауырласып кеттік. Ауылшаруашылығы бөліміндегі Сарбұлақ Ібрашев, мәдениет бөліміндегі Мұхамеджан Нұрханов редакцияның қаламы жүйрік белді журналистері екен. Ал редактордың орынбасары Әзімхан Байзақов өз алдына бір төбе. Мұнда менен де бұрын келген баспахана меңгерушісі Құлжан Исмайылов, жауапты хатшы Жұматәлі Әбдіраманов аралдықтар екен. Бұлар да мені бауырына тарта түсті.

Жақсылық пен Сарбұлақ қаладан қатынайды екен. Сондықтан екі-үш күннің бірінде түскі тамақ біздің үйден болады. Өйткені Тасбөгеттен



ЖАҚСЫЛЫҒЫ МОЛ ЖАҚАН ЕДІ



жақын адамдарымыздың екі бөлмелік пәтерін алып, сонда тұрып жатқанбыз. Ал Сарбұлақ біздің үйдің бір адамындай болып кетті.

Бір күні редакцияға етженді, ірі денелі бір әйел келді. Беті түтігіп кеткен. Келді де:

– Мен Сарбұлақтың жетісін жасап жатырмын, соған сендерді шақыра келдім, редакторларын бар ма? – деді. Жақаң бар болатын, белден басып кабинетіне кіріп кетті. Сөйтсем, Сарбұлақ шаруашылыққа іссапармен кетіп, он күндей үйіне соқпапты ғой. Жақаң Сарбұлақты қорғаштап, мән-жайды түсіндіріп, арқасынан қағып, жайлы мінезімен жылы шығарып салды. Ертеніне Сарбұлақ келді. Болған іске бәріміз күліп жатырмыз. Жақсылық жігіттерге қай уақытта да қамқоршы екенін сонда білдім.

Мұнда жазған мақалаларымың бір данасын «Ленин жолына» жолдаймын. Шамалы байланыс та бар. Екі жылдай уақыт өтті. Бір күні облыстық газеттің редакторына өзім бардым. Редактор Н.Уәлиев қатаңдау кісі екен. Қабылдауында өзімді таныстырып болған соң:

– Жігітім, бізде әзірге бос орын болмай тұр. Жақын жердесің ғой, хабарласып тұр, – деп шығарып салды. Содан баяғы Ыбыраймен хабарластым.

– Олай болса, сен мына облыстық радиоға кел. «Ленин жолындағы» Оразбек те, Қазі да осы радиодан барғандар, – деді.

Мен оған да келістім. Күндер өтіп жатты. Сөйтіп жүргенде Ыбырай «Тез маған келіп кетші» деді. Бардым.

– Біздегі соңғы хабар редакциясындағы аға редактор Жанұзақ Қожабергенов басқа жұмысқа ауысып кетті. Бастығымыз Бекқожаев сені сыртыңнан жақсы біледі. Шетжағасын айтып та қойдым. Осы тұрғанда кіріп шық, – деді.

Кірдім. Бұрыннан да таныс-білістігіміз бар еді. Әңгімеміз ә дегеннен жарасып, сәлемнің де сәті түсіп кетті.

– Бізге келетін болсаң, қолдаймыз. «Сырдарияның» радиосының жұмысының жақсы екенін білемін. Бізде қазір бір орын босады, келгенің жақсы болды, үйреніп кетесің, – деп бірден облыстық радионың соңғы хабарлар редакциясының аға редакторы қызметіне қабылдап жіберді. Сөйтіп Жақсылық Рахматулладан Жақсылық Бекқожаевқа ауыстым. Бір Жақсылық жан досымдай болса, бір Жақсылық туған ағамдай көрінді.

Күндер, айлар өтіп жатты. «Ленин жолында» еш өзгеріс жоқ. Болмаған соң ол жақтан күдер

үзейін дедім. 1989 жылдың соңында облыста Арал, Қазалы, Теренөзек аудандарында дербес аудандық радио редакциялары ашылып, ақыры Аралыма қайтып келдім. Сөйтіп жүргенде қоғам өзгерді, ел тәуелсіздігін алып, нарықтық қатынастың қиын кезеңдерін бастан кештік. Аудандық радио редакциясы жабылып, аудандық «Толқын» газетіне, одан аудан әкімінің баспасөз хатшысы қызметіне ауысып жүрген кездерім. Облыстық газетке баяғы досым Жақсылық Рахматулла бас редактор болып келді. «Ленин жолы» газеті ел тәуелсіздігіне орай «Сыр бойы» болып алғашқы атауын еншіледі. Жақанмен хабарласып тұрдым. Ол болса «Жана штат ашу түгілі, редакцияны ұстап тұрудың өзі қиын болып тұр» деп мұнын шағады. Келе-келе тәуелсіздігіміздің тамырына қан жүгіре бастады.

Мен аудан әкімінің баспасөз хатшысымын. Облыстық газетке аудан жаңалықтарын жеткізіп тұру менің міндетім. «Сыр бойымен» күнделікті хабарласамын, әсіресе Оразбекпен. Сол Оразбек бір күн телефон соғып:

– Саған жақсы жаңалығым бар, редакцияның қазір жағдайы жақсарып, бұрынғы қысқарып кеткен меншікті тілші штатын қайтадан ашқалы жатырмыз. Соған Арал-Қазалы аудандары бойынша Шәкеңнің ізімен сені ыңғайлап отырмыз. Қазалы ауданында да жұмыс жасадым. Екі ауданды жақсы білесің. Келіссен, Жақанмен осы тұрғанда хабарлас, – деді.

Қалай келіспейін, бұл менің отыз жыл күткен арманым ғой. Қуанғаннан жүрегім лүпілдеп кеудеме сияр емес. Оразбекке «рахмет, рахмет» дей беріппін. Артынша Жақанмен хабарласып едім: «Келіссең, ертең Қызылордаға кел» деді. Алдымен редактордың орынбасары Оразбекке соқтым. Оның қасында Нұрмахан Елтай деген редакция қызметкері отыр екен. Амандасып болған соң, үшеуіміз Жақана кірдік.

– Әзірге меншікті тілшіні облыстың шеткі аудандары Арал-Қазалы мен Шиелі-Жаңақорған аудандарынан ашқалы отырмыз, – деді Жақсылық мән-жайды түсіндіріп. – Арал-Қазалыға сені белгілесек, Шиелі-Жаңақорған аудандары бойынша өзіміздің қызметкеріміз Нұрмахан Елтайды тағайындап отырмыз. Бүгін бұйрықтарыңды және меншікті тілшілік куәліктеріңді алып, ауылдарыңа қайтыңдар. Бару бойына екеуің де бір-бір көлемді материал дайындап жіберіндер. Сендерді оқырмандарымызға таныстырып, материалдарыңызды келесі нөмірде жариялаймыз, – деді.

Осылайша Жақсылық Рахматулладан алғашқы тапсырمامызды алып, ауылға қайттық.

Менің ойымда әлемнің назарында тұрған Арал мәселесі. Келу бойына қолдағы мәліметтермен кідіртпей мақаламды жазып жібердім. «Сыр бойы» газетінің 1999 жылғы 15 мамырдағы санында «Арал: ахуал айғып келеді» деген тақырыпта менің мақалам беріліпті. Бас жағына «Жұмабай Жақып – бұған дейін Арал ауданы әкімінің баспасөз хатшысы болып істеген. Жоғары білімді, ақын, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Жақында ол газеттің Арал-Қазалы аудандарындағы меншікті тілшісі болып тағайындалды» деп таныстырылым беріліпті. Ал Нұрмахан Елтай «Диканның қазынасы - жер» деген тақырыптағы көлемді мақаласымен шығыпты. Екеуіміздің материалдарымыз тұтастай үшінші беттен орын алыпты. Осыдан бастап мақаламыз облыстық газет бетінде бірінен соң бірі шығып жатты. Бұрын аудандық «Сырдария» газетінде қауышқан Жақанмен енді облыстық «Сыр бойы» газетінде қайта табысып, бірге жұмыс істеп кеттік.

Редакцияға макала жіберу оңай емес. Қазіргідей электрондық пошта жоқ. Оның бер жағында менің жазу мәнерім де оңған емес. Бір барған сапарымда редакцияның қоймасынан Германиядан шыққан жазу машинкасын алып, сонымен жазуды үйрендім. Редакцияның тапсырмасы шұғыл. Содан жазғанымды конвертке салып жұбайым Мәрия екеуіміз көшедегі итерді ұлатып-шұлатып, түнгі сағат 12 не 2-дегі пойызға шығып, таныс іздейміз. Қызметкер жігіттердің бәрі Қызылордаға ертерек бару үшін осы түнгі пойыздарға мінеді. Таныс тапсақ, қолына такси пұлын беріп: «Мынаны «Сыр бойына» тапсырарсың» деп өтінеміз. Ал асығыс емес материалымды поштамен жіберемін. Осылай жұмыс істедік.

Жақаң кейде тәжірибе алсын деп меншікті тілшілерді редакцияға шақырып, он-он бес күн жұмыс істетеді. Бөлімдегілермен бірге өзі де тапсырма береді. Мұндайда бірде Оразбектің, бірде Жолдасбектің үйінде қонып-түстеніп жүретінмін. Соны байқап қалған Жақаң:

– Жүмеке, неге үйге соқпайсың? Әр үйге қонғанша біздің үйде бол, – деп үйінен шығармайтын. Өйткені ана жігіттердің үйінде болсам, қыдырыстап кететініміз белгілі. Ал мұнда тәртіп. Келіншегі Айжамал да қабақ шытпайды. Екеуіміз егіз қозыдай жұмысқа бірге барып, бірге қайтамыз. Демалыста ауылға барып қайтайын десем, «Ауылға қайтатын уақытың да жақындалы ғой, бұл ретте қайтпай-ақ қой. Одан да аңға шығып, демалып қайтайықшы» деп жібермейтін. Сөйтсем, оның қырғауыл ата-тын аңшылық өнері бар екен. Қаладан 50-60 шақырым жерде тұратын шопан досы бар. Соған келдік. Сөйтіп даланың қырғауылын атып, шопан досы дайындаған даланың тамағын ішіп, бір сергіп қайтатынбыз.

Тәжірибе алып жүрген кезде редакцияның ертенгі лездемесіне қатысамыз. Онда осы газетте көзмайларын тауысқан, талай қаламды мүжіген, талай қағазды мыжыған, сөзінің сөлін төгіп, ойының өрнегін салып, талай жылын сарп еткен мүйіз қарағайдай қалам иелері Қайырбек Мырзахметов, Әскербек Рахымбеков, Айжарық Сәдібеков, Ақберген Ержанов, тағы тағылар отыратын. Ашық пікір айтылып, ойлар ортаға салынады.

Мұндайда Жақаң өзінің салқынқандылығын бұзбай, әр пікірге өз пайымын нық айтып, қызбалыққа бой бермей, туралық пен тәртіпті тең ұстап отыратын. Жақсылық Рахматулла редактор болып тұрған кезең редакцияның материалдық жағдайы да, ішкі тәртібі де тұрақты болды дей аламын. Журналистердің жұмыс істеуіне де барынша қалыпты жағдайлар жасалды. Соның нәтижесінде «Сыр бойы» газеті республикада ең жоғары марапаттар иеленіп, шығармашылығымыз шыңдалды. Облыстың үздік журналисі атанып, облыстың Құрмет грамотасымен марапатталдым. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері болып танылдым. Осының бәрінде де Жақанның жақсылығы болды десем, артық айтқаным емес. Ол бірде: «Жүмеке, мен тұрғанда Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне өтіп алспайшы» деп әрдайым достық ниетін білдіретін. Бірақ пендеміз ғой. «Кейін, кейін» деп жүріп, кейіндеп қалып, жасымыз сексенге жеткенде сол одаққа әзер өттік қой.

Жақанның тек маған емес, жанында жүрген жандардың бәріне де жақсылық-шарапаты мол болатын. Ол бүгінде біздің ортамызда болғанда менімен бірдей 80 жылдығын жарқырата тойлар еді. Өкінгеннен не пайда, енді біздерге жаны жайсаң Жақаң жайлы, жазушы-журналист, редактор Жақсылық Рахматулла жайлы естелік жазу бұйырыпты. Өмір дегенің осы.

Жұмабай ЖАҚЫП,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
Арал ауданының Құрметті азаматы

Хабарландыру

«Қорқыт елі» Кредиттік серіктестігі» ЖШС 2025 жылғы 08 қыркүйек күні сағат 10:00-де Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Елеу Көшербаев көшесі, №34 мекенжайында серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:

- «Ағрарлық несие корпорациясы» АҚ-нан 20.04.2046 жылға дейін несие желісін жылдық сыйақысы кредиттік серіктестікке 25% пайызбен, несие желісін жылдық сыйақысы соңғы қарыз алушылар үшін 29% пайыз мөлшерлемесіндегі өзгерістерді бекіту, кепілмен қамтамасыз ету, депозит шотындағы қаражатын кепілге қоюды, сол рәсімінсіз сату және акцептсіз шығару құқығына келісім беру туралы.
- Серіктестіктің қатысушылар құрамына өзгеріс енгізу, жаңадан қабылдау/шығару, үлестерін азайту/көбейту, сонымен қатар оның ішінде жарғылық капиталға салым салу арқылы, несие лимитін бөлу, нәтижесінде серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы.
- Серіктестіктің мекенжайын өзгертіп, Жарғы мен Құрылтай шартына өзгерісті енгізіп, уәкілетті органға тіркеу туралы.
- Серіктестіктің ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер мен толықтыруларын бекіту туралы.

«Қорқыт елі» Кредиттік серіктестігі» ЖШС әкімшілігі
(БСН 050640002650)

Қызылорда облысы бойынша ҚАЗ департаменті «№68 мекемесі» РММ бастығы мен орынбасарларының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау кестесі

№	Лауазымы	Т.Ә.А	Қабылдау күні уақыты
1	Мекеме бастығы	әділет майоры Әмірбек Азамат Темірбекұлы	күнделікті
2	Мекеме бастығының орынбасары	әділет подполковнигі Сейдахметов Әмірзақ Нағашыбекұлы	күнделікті
3	Мекеме бастығының орынбасары	әділет майоры Тұрымбетов Мирамбек Ұзақұлы	күнделікті
4	Мекеме бастығының орынбасары	әділет майоры Романкулов Ерлан Бегімұлы	күнделікті

Жарамсыз деп есептелсін

Ембергенов Ерлан Бахытовичтің атына ҚР ІІМ Қызылорда облысы Полиция департаментінен берілген №4466 зейнеткерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Абдреев Сунгат Илесбаевич (лицензия №13019285, 12.12.2013ж.) 2025 жылдың 12 шілдесінде қайтыс болған азамат Жаханов Дүйсен Исмаковичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Н.Назарбаев даңғылы №60 А, тел.: 8 777 772 80 80.

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, облыстық Қоғамдық кеңес, облыстық Ардагерлер кеңесі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор, белгілі суретші

Ағымсалы Дүзешанұлының дүниеден өтуіне байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысының әкімдігі, облыстық мәслихат, облыстық Қоғамдық кеңес, облыстық Ардагерлер кеңесі облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Еркебұлан Қайырбекұлы Мемлібаевқа анасы, ұлағатты ұстаз

Раушан Жарылқапқызының дүниеден өтуіне байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮР – ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Облыстық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен «Анаға тағзым» орталығында ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған «Ұршық үстіндегі ұлағат» сайысы өтті. Іс-шараны облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Дүйсенбаев ашып, ұлт мұрасын ұлықтап, дәстүрімізді дәріптеудің бүгінгі ұрпақ үшін ерекше маңызды екенін атап өтті.

Сайыста ұлттық салт-дәстүрді кеңінен таныстырумен қатар, қол-өнерді насихаттау, әже мен немере арасындағы рухани байланысты нығайту тақырыбы тарқатылды. Қазақтың мақал-мәтелдері, халық әндері арқылы жанға жылылық ұялата отырып, жас ұрпақты тәлім-тәрбиеге баулуға мән берілді. Тағылымды іс-шараға қаладан, аудандардан іріктелген 20 әже немерелерімен бірге қатысты. Бүлдіршіндер әжелерімен бірге сахнаға шығып, өнер көрсетті.

Үш кезеңнен тұратын сайыстың алғашқысы – «Таныстыру» кезеңінде әжелер немерелерімен бірге туған жері, ата-бабасы туралы көркем сөзбен кестелеп, өлең жолдарымен әсерлеп жеткізді. Бірі отбасының жетістігін мақтаныш етсе, енді бірі туған өңірінің ерекшелігін жырға қосты.

Қолөнер шеберлігі кезеңінде әжелер сырмақ сырып, ұршық иіріп, тоқыма тоқып, ұлтымыздың керемет бай дәстүрін көпшілік назарына ұсынды. Қариялардың көз алдында кешегі күндердің естелігі жаңғырып өтіп, көңілдерін толқытты. Үлкендіктің ізімен немерелеріне ұлағатты сөздер айтып, халық әндерін әуелете шырқаған әжелерге зал толы көрермен ыстық ықыласын білдіріп, зор қошемет көрсетті.

Ұлттық салт-дәстүр кезеңінде қазылар алқасы қазақтың тұрмыс-салтына қатысты сұрақтар қойды. Әжелер бұл сұрақтарға немерелеріне бағыттап жауап беріп, тұсау кесу, бесікке салу, қыз ұзату сияқты ғұрыптардың мәнін түсіндірді. Айта кетейік, байқауға Рая Ділімбетова, Разия Қайжанова, Феруза Оңталап сынды мәдениет саласының ардагерлері қазылық етті.

Сайыс қорытындысымен, жүлделі І орынды Сырдария ауданынан Рахима Досжанова немересімен иеленсе, ІІ орынды Жалағаш ауданынан Қайыпкүл Отарова, ІІІ орынды Жаңақорған ауданынан Назия Опабекова алды. Барлық қатысушыларға алғыс хат табысталып, өнерпаздарға ынталандыру сыйлықтары берілді.

Бір сөзбен айтқанда, «Ұршық үстіндегі ұлағат» сайысы ұлттық дәстүрді ұрпақ санасына сіңіріп, көненің көзінен гират алудың айқын үлгісі болды. Әжелердің өнегесі мен немерелердің ізденісі арқылы халқымыздың бай мұрасы қайта жаңғырып, жас буынға аманат ретінде жол тартты.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»



/// ЕЛ АУЗЫНАН

ТАБАН АСТЫНДАҒЫ ТАПҚЫРЛЫҚ

Бұрынғылардың табан астынан тауып айтатын тапқырлығына таңғалмасқа амалын қалмайды. Шернияз ақын жол жүріп кетсе, үйіне сыйлы қонақтар келе қалыпты. Жұпынылау тұрмысы бар ақынның үйдегі жасөспірім қызы қол еті, қойдың кәрі жілігін асыпты. Сол екі ортада Шернияз да келе қалып, ет те пісіп, табакқа түсіп, дастарқанға келгенде, қонақтың үлкені қарап отырмай: «Құдайым Шерниязға жөн білегін бала да бермеген екен» дейді. Сонда Шернияз ақын:

– Қонағым, бала білмей қол асыпты,
Асса да, бала қолды мол асыпты.
Дүниеге алдыменен қол келеді,
Қол асып, бала саған жол ашыпты, – деген екен.

Әрі ақын, әрі шешен, әрі әнші, ел ішінде сыйлы Қараш кедейлігін білдірмейді екен. Қай жерде жүрсе де, көпшілік соның аузына қарайды, бас соған тартылады. Көреалмаушылар оны күндеп жүріп, «бір ұятқа қалдырайық, не қонақсыз берер екен?» деп, ойда жоқ жерде үйіне түсе қалады. Аяқастынан келген қонақтарға Қараш қатты қысылады. Өңгімелесіп, шай ішіп отырып:

– Көп болды, үйімізде етіміз жоқ,
Ет жоқ дейтін сіздерге бетіміз жоқ.
Ет болса өзіміз де жегендейміз,

Ет жемейтін біздердің дертіміз жоқ, – дейді Қараш. Шай ішіліп болып, арада біраз уақыт өткен соң, әйелі қонақтардың қолдарына су құя бастайды. «Апырым-ай, үйде ет жоқ еді ғой. Әйелім көршілердің бірінен сұрап әкелген шығар» деп ойлайды Қараш. Шындығында, солай екен.

– Жакында сойған қойдан жілік жейсің,
Мол еттің жоқ екенін біліп жейсін.
Алақанды толтырар көп етім жоқ,
Саусағынның ұшымен іліп жейсің, – депті Қараш қонақтарына қарап.

Әлімжан ҚИЯС

/// БІЛІМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ

Қазіргі лексика айналымында «сіз білесіз бе» деп сөз бастау үрдісі бар, дұрыс па, бұрыс па, білмедім. Қазақтың тілдік қоры бай, сондықтан аталарымыз жіңішке дыбысты сұрақ арқылы сөз бастап сызылып тұрмаған. Мейлі, түсінсек болар, бұл мәселені лингвист ғалымдарға қалдырайық.

Әлеуметтік желіні ақтарып отырып, «Желіде ағыл-тегіл жылаған қыз» деген тақырыпты көріп қалдым. Жылағаны несі?! Осы көрініс туралы бір жазба «Сіз білесіз бе...» деп басталыпты. Олардың білдіргені мынау.

САЯНЫҢ БІЛІМ САЯСЫ

ҚҰДАЙ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БІР МЫСҚАЛ АРТЫҚШЫЛЫҚ БЕРГЕН

IELTS – ағылшын тілін тестілеудің халықаралық жүйесі – әлемдегі ең танымал ағылшын тілінің тестілеу жүйесі. Ол тілдерді бағалау бойынша әлемнің жетекші сарапшылары арқылы әзірленеді және ағылшын тілінің барлық дағдыларын (оқу, жазу, тыңдау және сөйлеу) бағалайды.

Автор Қазақстанда қазіргі таңда IELTS онлайн тапсыру мүмкіндігі жоқ дей келіп, ол үшін мына мемлекеттердің біріне бару керек деп – Албания, Аргентина, Армения, Австрия, Ботсвана, Болгария, Франция, Грузия, Германия, Литва, Польша, Португалия, Испания, Танзания, Түркия, Уганда, Замбия секілді қырық бес елдің атын атапты.

Ойланып қалады екенсің. Басқасын қояйық, Замбия, Уганда сияқты кеңестік дәуірде артта қалған деп есептейтін елдер отыз жылда зымырып қай көкжиекке дейін озып кеткен?

Бұл айтып отырғанымыз қарапайым ғана тестілеу жүйесі ғой, біздегі білім министрлігі осы мәселені иегере алмағаны ма?

Біздің елде таланттарды, қабілетті жастарды қолдау жоқ деп айта алмайсыз.

Мемлекет басшысының бастамасымен «Жастарды қолдау қоры» құрылып, шығармашылық және кәсіпкерлікті демеу үшін түрлі бағдарламалар жүзеге асырылып келеді.

Шетелде білім алуға мемлекет тарапынан бөлінетін гранттар саны ұлғайып, талапкерлер үшін жылына 5 мың жоғары оқу орындарында оқуға жағдай жасалған.

Қызылордада «Сыр жұлдыздары» аталатын балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық-инновациялық академия ашылды.

Онда үш мың оқушыны өнер-білімге баулитын кескіндеме, сурет салу, резина-арт бөлмесі, балалар шығармашылығы шеберханасы, сәндік-қолданбалы өнер, FabLab, дыбыс жазу студиясы, робототехника және жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, КИП және автоматтандыру, киберспорт және математика кабинеттері жұмыс істейді. Бұл тамаша ғой.

Негізгі, қазақ балалары – өте талантты. Оларға тек қолдау ғана керек. Халқымызда «Бұлақ көрсең, көзің аш» деген мақал бар. Осы мақалды зерттеген бір ізденуші бұл мақалдың әлгі қырық елдің кейбіреуінде ғана үстірт мағынада кездесетінін айтқан. Сонда біздің халқымыз баланы жастан деп, оған қолдау білдіруді, атқа аяғын салып демеп жіберуді әу бастан салтына сіңірген екен. Енді «жылаған қыз» туралы әңгімеге келейік.

Сөз – алматылық он жеті жастағы Сая Қыдырәлі туралы. Ол – IELTS бойынша рекорд жаңартып, 9 балл алған қазақтан шыққан әлемдегі жалғыз ең жас жеңімпаз. Оған дейін мұндай балл жинаған жеңімпаздың жасы жиырмада болған.

Сая алты жасынан бастап ағылшын тілін үйрене бастаған, тоғыз жасында зияткерлік мектепте сабақ беріп, табыс тапқан.

Он бір жасында бірінші IELTS-ті тапсырып, 6,5 ұпай жинаған. Мұның өзі қанша адамның қолы жетпеген нәтиже. Саяның жалғыз анасы ғана бар, ол осы кездері қызының кітаптарын әперіп, оның алаңсыз оқуына жағдай жасау үшін және IELTS-тің ақысын төлеу

үшін бір аяккііммен төрт маусым жұмыс істеген.

Саяның табыс тапқанын айттық қой, оның табысы қазірдің өзінде ондаған миллиондармен есептеледі. Ол осы он жеті жасында бір аяккііммен жүріп өзінің оқуына бар еңбегін сарп еткен анасына арнап Алматының ортасынан екі бөлмелі пәтер сатып алған.

Ол қазір университетте қосымша жұмыс істейді және өзінің жеке тіл үйрету курсы бар. Сая тіл үйренуші студенттеріне мотивация жүйесін қойған. Егер тіл үйренушілер білім деңгейін 8,5 ұпайға жеткізсе, оған су жаңа көлік сатып алып бере алады. 8 ұпай алса, шетелге жолдама сыйлайды, 7,5 балл алса IELTS тапсыру құнын төлеп береді. Өткен жылы қараша айында ол екі студентіне жаңа көлік сыйлаған. «Бұл – маркетинг емес. Түпкі мақсат – қазақ жастарының білім дәрежесін көтеру» депті Сая өз сұхбатында.

Бұған не айтасыз? Осыны Сая емес, саясатпен істесе де болады ғой.

Саяның тіл үйретудегі тәсілінен және өз мақсатынан бір ауыз сөз келтірейін.

«Бұл емтиханға ағылшын тілін білу жеткіліксіз. Оның қыр-сырын түсіне білу керек. Мен 15 жасымда екі рет тапсырдым, 16 жасымда 8,5 ұпай жинадым. Жалпы алғанда бұл сынақты 20 рет тапсырдым.

Негізгі 9 ұпай алған адамдардың барлығы дерлік АҚШ-та немесе Ұлыбританияда тұрып келген, сол жақта білім алғандар. Мен үшін бұл жетістіктің ерекшелігі – шетелде болған емеспін, бәрін өз күшіммен үйрендім. Жеті жасымда ағылшынша еркін сөйлеп қана қоймай, сол тілде ойлана бастадым. Құпиясы қиын емес – ағылшын тіліне спорттағыдай бап керек. Қанша уақыт жұмсасаң, нәтижене сонша жақсаралы.

Мен бірден оқуға түспеймін, бірер жыл өзімді басқа салада сынап көремін. Бір жылдан соң АҚШ-қа баруды жоспарлап отырмын. Маған саяси ғылым ұнайды, сол бойынша Гарвард, Йель, Принстон жоғары оқу орындарының біріне түсуім керек. Шетелде қалу ойымда жоқ, менің атымды атам «еліне сая болсын» деген ниетпен Сая деп қойған».

Саяның сөзі – осы. Не деген қайсар, максатшыл, елшіл қыз!

Шынашақтай ғана қазақтың қарақөз қызы жеткен бұл биікке басқа ұлттар арасынан (негізгі айтып отырғанымыз бұрынғы Одақ төңірегіндегі елдер ғана емес, одан да тысқарырақ Д.А.) біреудің табылмай тұрғанында ұлттық гинетикалық сыр бар.

Сіз білесіз бе (мен де солай бастадым, ал), әлемнің екінші ұстазы Әл Фараби – біздің арғы аталарымыз. Сол кезде жалпыға ортақ сөз қолданысы шығыстық, парсылық, арабтық тіл мәнерінде жүрген. Сондықтан да ол кісі «Фарабатн шыққан» аталып тұр, әйтпесе оның есімі – Ұзақ. Өмірі ұзақ болсын деп әулие аталары ырымдап қойған, сол ниеттері тура келді. Ол кісі – тоғыз ғылымның қыр-сырын тоқсан ғалым ақтара алмайтын дәрежеде қаттап тастаған ойшыл. Оның Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атануы біліміне емес, заманына қарай айтылған.

Қазақ – өте дарынды ұлт. Қазақ секілді өзге тілді өзгеріссіз, акцентсіз сөйлейтін ешбір ұлт жоқ. Мұны кезінде кемсітушілікке санады. Гамзатов

«Акцентпен сөйлеген ұлт ең мықты ұлт. Мұқтар Шахановты акцентпен сөйлегені үшін жақсы көремін» депті дейді. Оны жанынан шығарушылар қосқан.

Өзін ұлы санайтын ағылшын да, орыс та, жапон да иірімі, созуы, қоюлауы әртүрлі дыбыстарды айта алмайды. Алла адамды жаратқанда оның сөйлеуін әртүрлі еткен. Мысалы өкпеден шыққан ауа кенірдек қаптарларына, кеңсірікке, таңдайға, кішкентай тілге, тіске соқтығысу арқылы дыбыс құрайды. Шіркеудегі шиырлы жіпке байланған ұрма тіл әр қонырауға сапқан сайын әркімге әуен шығарады. Сөйлеу де осыған ұқсас. Сол өкпеден шыққан ауа ішкі алса бөлшектеріне соғылсақанда «ғ», «э» деген сияқты дыбыстар шығады. Басқа ұлтта дәл осы ішкі ауа мүшесі жоқ. Ол таңдайдағы қызық қаптардың бір сызығы болуы да мүмкін. Оны біз білмейміз.

Міне, осы тұста Жаратушы қазаққа бір артықшылық берген. Біздің ішкі ағзамызда ауа соқтығысынан ағылшынның «давылююн» да, орыстың «ююн» да жасай алатын мүше не құйтай бездер бар. Сол арқылы біз барлық тілде анық сөйлей аламыз. Осы кемшілік пе?!

Мына бір оқиғаны да осыған қатысты айта кетуге болады.

1924 жылы Мұстапа Шокай Париждің орталық алаңындағы мінберден Кеңес өкіметінің өзге ұлттарға жасаған және жоспарлаған қысастығы туралы сөз сөйлейді. Сол кезде оның зайыбы Мария да тыңдаушы көптің арасында болады. Сонда жанында тұрған бір кісі оған: «Мына француздың түрі азиатқа ұқсайды екен» депті. Тілінен мін таппай, түрін айтып тұр.

Мұстапа жеті тіл білген, соның бәрін де акцентсіз сөйлеген. Міне, қазақтың дарынды екендігі.

Қай салада болсын, қазақтан асқан дарын болмас еді, егер шовинистер басынбаса. Мысалы, Бауыржан Момышұлының соғыс тактикасы маршал Баграмяннан мықты болған. Бірақ батырлығы да ол дәрежеге көтерген жоқ. Оны кейін Куба мемлекетінің әскерилері дәлелдеген. Бұл да дарындылыққа қатысты.

Сіз менің не атайын дегенімнен шатасып қалған жоқсыз ба? Сөйтіп, Сая Қыдырәлінің әлеуметтік желіде халықаралық тесттен 9 ұпай алып, қуаныштан жылап тұрған бейнесін көргендер таңғалып жатыр. Таңғалмай неғылады, әлемде мұндай жетістікке жеткен жан ілуде біреу, олардың өзі 0,5 процент екен.

Мұны билік ескеру керек, неге Саяға заманауи мектеп ашып бермеске?

Ең басты сөзім, шіркеудің қоңырауын ұрғандай етіп әуендетіп қуануымыз керек еді, олай етпедік. Саяны бірекі телеарнаның сұхбатқа шақырғаны болмаса, әзір Үкімет тарапынан оған көрсетілген қошемет көрінбей тұр.

Ағылшын тілі соңғы жылдарда өте үлкен сұранысқа ие болып отыр. Сондықтан, қазақстандық мектептерге IELTS, яғни, ағылшын тілін тестілеу жүйесі керек-ақ. Мұны жакын болашақтың еншісі деп есептейік, ал, Сая менгерген білім әрқашанда сұранысқа ие сала болып қала береді.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»



www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1038)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялындар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АК» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.